

**«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қамқоршылық кеңесі отырысының**

ХАТТАМАСЫ

12.05.2023ж.

№6

Жаңа Дәулет ауылы

Қатысқандар:

- | | |
|------------------------------------|---|
| 1. Тастайбекова Айнұр | қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер |
| 2. Ягнисов Сатжан | қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер |
| 3. Дәуэн Ләззат | қамқоршылық кеңес мүшесі, аудандық мәслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы |
| 4. Фазылбек Абылай | қамқоршылық кеңес мүшесі, облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы |
| 5. Жексенбаев Қадырбек | қамқоршылық кеңес мүшесі, Дәулет селолық округінің бас маманы |
| 6. Буркиталиев Бахтияр | қамқоршылық кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер |
| 7. Тасболатова Гулнара Беккалиевна | «АМАНАТ» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының баспасөз хатшысы |
| 8. Қалабай Қуаныш Азанбайұлы | қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер-ұстаз. |

Күн тәртібінде

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау туралы;
2. Қамқоршылық кеңестің құрамына жаңа мүше қосу туралы

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысы мамыр айының 12 жұлдызы күні ZOOM бағдарламасы бойынша өткізілді. Отырысқа кеңес мүшелерінің 5-еуі қатысты. Алдыңғы №5 отырыста қаралған және талқыланған мәселелер бойынша Салманов Оразхан Орынбайұлының кеңес төрағалығынан денсаулығына байланысты өтініші тіркеліп босатылды да орнына қамқоршылық кеңес мүшесі, аудандық мәслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы Дәуэн Ләззат ұсынылды.

Күн тәртібіндегі 2- мәселе бойынша , 2023 жылдың 03 мамыры күні мектептің әлеуметтік желісі мен сайтына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығының 2-тарау, 5,6-тармақшаларына сәйкес, Жаңа Дәулет ауылы, 125/3 орамында орналасқан «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қамқоршылық кеңес құрамына енгізу үшін ауыл тұрғындары арасынан өз еркімен мүше болуға шақыратындығы туралы хабарлама

жариялаған болатын. Ол жерде ұсыныстарды қабылдау munaily4mektep@mail.ru электронды поштасына хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 күн ішінде үміткерлердің жазбаша келіскен өтініші мен жеке куәлігінің көшірмесін салу талап етіледі,- делінген. Осыған орай, ауыл тұрғындары арасынан Китайбекова Ботагөз атты тұрғынның талап еткен құжаттары жоғарыда көрсетілген электронды поштаға түсті. Басқа тілек білдірушілер болмады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес отырысы төмендегідей шешім етеді.

ШЕШІМ:

- 1.Қамқоршылық кеңестің төрағалығына аудандық мәслихат статисі, қоғамдық кеңес хатшысы Дәуэн Ләззат кеңес мүшелерінің ұсынысымен бекітілсін;
2. Қамқоршылық кеңестің құрамына ауыл тұрғыны Китайбекова Ботагөз жаңа мүшелікке енгізілсін.

Кеңес төрағасы
Кеңес хатшысы



Л.Дәуен
А.Тастайбекова